

Бекітемін
«Олжабай батыр ауылының жалпы орта
білім беретін мектебі» КММ
директоры С.А. Назарбекова
«28» тамыз 2025 жыл



«Ақмола облысы білім басқармасының
Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі
Олжабай батыр ауылының
жалпы орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
2025-2026 оқу жылына арналған
жұмыс жоспары

Мектеп жоспарының мазмұны

I. Ақпараттық сараптамалық бөлім

1.1 Жалпы мемлекеттік қызмет орны туралы мәлімет.....	3
1.2 2024- 2025 оқу жылын аяқтау, мектептің білім сапасы.....	5
1.3 2024-2025 оқу жылында атқарылған оқу- әдістемелік жұмыстарының қорытындысы.....	19
1.4 2024-2025 оқу жылында атқарылған тәрбие жұмысының қорытындысы.....	49
1.5 Мектеп педагог - психологының жүргізген жұмыстарының қорытындысы.....	56
1.6 Мектеп кітапханасының жылдық жұмыс қорытындысы.....	64
1.7 SWOD талдау	66
1.8 Мектептің 2025-2026 оқу жылына мақсаттары мен міндеттері	67

II. Ұйымдастыру - басқару қызметі

2. Оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру және басқару.....	69
2.1 Педагогикалық кеңес	78
2.2 Директор жанындағы кеңес	81
2.3 Әдістемелік жұмыс жүйесі	84

III. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы

95

IV. Мектепшілік бақылау

116

V. Мектептің материалдық- техникалық базасы

138

Қосымша

1. Психологиялық қызметтің жұмыс жоспары	140
2. Мектеп кітапханасының жұмыс жоспары	161

I. Ақпараттық сараптамалық бөлім

1.1 Жалпы мемлекеттік қызмет орны туралы мәлімет

№	Нысан	Мектеп туралы мәлімет
1	Білім беру ұйымының атауы	«Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі Олжабай батыр ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
2	Нақты орналасқан мекен-жайы:	Ақмола облысы, Ерейментау ауданы, Олжабай батыр ауылы, Ш.Байтуаров көшесі 15.
3	Мектеп түрі Меншік түрі	Жалпы орта білім беретін мектеп Коммуналдық мемлекеттік мекемесі
4	Ашылған жылы	1966 жылы, жаңа ғимараты 1974 жылы
5	Заңды тұлғаның байланыс деректері	Мектеп директоры Назарбекова Сауле Ануарбековна 87163334198, 8-705-596-45-29 OlzhabaiOM@mail.kz
6	Басшының ФАӘ және лауазымға тағайындау бұйрығы	Назарбекова Сауле Ануарбековна –мектеп директоры, «Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі Олжабай батыр ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ директоры 2014 жылы 01 қазандағы №169 бұйрығымен тағайындалды.
7	Құқық беруші және құрылтайшы құжаттар:	Қазақстан Республикасы әділет министрлігі Ақмола облысының әділет департаменті Ақкөл ауданаралық әділет басқармасы БСН 380840000015
8	Рұқсат етуші құжаттар:	Лицензия №KZ23LAA00022194 05.02.2021 жылы берілген. Лицензияны берген мекеме: «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақмола облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесі

9	Оқыту тілі	Аралас
10	Жоба қуаттылығы	397 оқушы
11	Жалпы ауданы	3256,7 шаршы метр
12	Ауысым туралы мәлімет	Екі ауысым: -бірінші ауысым сағат 8.30 –да басталады. -екінші ауысым 14:00- де басталады.
13	Сабақ кестесі	Бастауыш сыныптарға, 5-11 сыныптарға арналған сабақ кестесі «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялықталаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығына сәйкес жасалынды.
14	Сабақ ұзақтығы	45 минут
15	Үзіліс кестесі	Бастауыш сыныптарға, 5-11 сыныптарға арналған үзіліс кестесі «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялықталаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығына сәйкес жасалынды.
16	Білім алушы саны	196
17	Педагог саны	29
18	Мектептегі оқу сыныптары, кабинеттер, шеберхана, зертхана, акт залы мен спорт залдары туралы	Акт залы 1 Компьютер кабинеті-1 Спорт залы - 1 Шеберхана- 2 Зертхана - 3 Асхана -120 орынды Кітапхана -1 Дәрігерлік бөлме -1 26 оқу кабинеті

1.2 2024- 2025 оқу жылын аяқтау, мектептің білім сапасы

1. Білім алушылар контингентінің әр оқу жылының 1 қыркүйегі бойынша саны:

Оқу жылы	бастауыш мектеп		негізгі мектеп		орта мектеп		мектеп бойынша барлық контингент	
	жалпы сынып саны	оқушылар саны	жалпы сынып саны	оқушылар саны	жалпы сынып саны	оқушылар саны	жалпы сынып саны	оқушылар саны
2024-2025	7	82	9	125	2	14	18	221

2. Сыныптардың толықтығы туралы мәлімет:

Сынып	2024-2025 оқу жылы басында	Қыздар	2024-2025 оқу жылы басында	Қыздар
1 А	16	9	15	8
1 Б	0	0	0	0
1 сыныптар	16	9	15	8
2 А	16	7	16	7
2 Б	3	3	3	3
2 сыныптар	19	10	19	10
3 А	18	8	18	8
3 Б	4	2	3	1
3 сыныптар	22	10	21	9
4 А	20	9	19	8
4 Б	8	2	8	2
4 сыныптар	28	11	27	10
Бастауыш буын	85	40	82	37
5 А	28	13	28	13
5 Б	0	0	0	0

5 сыныптар	28	13	28	13
6 А	16	8	18	8
6 Б	5	3	5	3
6 сыныптар	21	11	23	11
7 А	18	14	18	14
7 Б	6	2	6	2
7 сыныптар	24	16	24	16
8 А	16	10	16	10
8 Б	6	3	6	3
8 сыныптар	22	13	22	13
9 А	18	13	20	13
9 Б	8	1	8	1
9 сыныптар	26	14	28	14
Орта буын	121	67	125	67
10 А	7	1	7	1
10 Б	0	0	0	0
10 сыныптар	7	1	7	1
11 А	7	2	7	2
11 Б	0	0	0	0
11 сыныптар	7	2	7	2
Жоғары буын	14	3	14	3
Жалпы мектеп	220	110	221	107

3. 9 сыныпты бітірушілер туралы мәлімет

№	Оқу жылы	2022-2023	2023-2024	2024-2025
1	Бітіретін оқушылар саны	20	13	28
2	«Үздік» аттестат алған оқушылар саны	1	0	2





4. 11 сыныпты бітірушілер туралы мәлімет

№	Оқу жылы	2022-2023	2023-2024	2024-2025
1	Бітіретін оқушылар саны	8	14	7
2	«Үздік» аттестат алған оқушылар саны	0	1	1
3	«Алтын» белгі	0	0	0


5. Мектептің білім сапасы

Оқу жылы	Оқушы саны	Үздіктер	екпінділер	Сапа	Үлгерім
2022-2023	263	41	98	58,9%	100 %
2023-2024	246	41	100	62,9%	100 %
2024-2025	221	42	92	65,3 %	100 %


2024-2025 оқу жылының сыныптар бойынша білім сапасы




4 А сыныбы




4 Б сыныбы




5 А сыныбы




6 А сыныбы




6 Б сыныбы




7 А сыныбы




7 Б сыныбы




8 А сыныбы




8 Б сыныбы




9 А сыныбы




9 Б сыныбы







10 А сыныбы




11 А сыныбы




2024-2025 оқу жылының пәндер бойынша білім сапасы




Орыс әдебиеті




Математика




Алгебра




Геометрия




Ағылшын тілі




Биология










География




Дүниежүзі тарихы









Гуманитарлық бірлестік



Жаратылыстану – математикалық бірлестік



Бастауыш сынып бірлестігі



1.3 2024-2025 оқу жылында атқарылған оқу- әдістемелік жұмыстарының қорытындысы

I. Кадрлық құрамға талдау

1. Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтер туралы ақпарат

Педагогтердің сандық құрамы:

Оқу жылы	Штаттық педагогтар саны	Қоса атқарушылар саны	Педагог - психолог	Тәлімгер	Әлеуметтік педагог	Барлығы
2024-2025	28	0	1	1	1	31


Мектеп әкімшілігінің сандық құрамы туралы ақпарат:

Оқу жылы	Мектеп директоры	Мектеп директорының орынбасарлары	Барлығы
2024-2025	1	3	4

Педагогтардың білімі туралы ақпарат

Оқу жылы	1-4 сыныптар			5-11 сыныптар		
	Барлығы	Жоғары білімді	Арнайы орта білімді	Барлығы	Жоғары білімді	Арнайы орта білімді
2024-2025	6	4	2	25	24	1


Педагогтар туралы ақпарат



Жоғары білімді педагогтар үлесі – 87%

2024-2025 оқу жылы бойынша штаттық педагогтердің еңбек өтілі бойынша ақпарат:

- 5 жылға дейін – 4 педагог
- 5 – 15 жылға дейін – 14 педагог
- 15 – 25 жылға дейін – 9 педагог
- 25 жылдан жоғары - 5 педагог



2024-2025 оқу жылы бойынша штаттық педагогтердің жасы бойынша ақпарат:

- 18-24 жас – 5 педагог
- 25-29 жас – 2 педагог
- 30-34 жас – 4 педагог
- 35-39 жас – 7 педагог
- 40-44 жас – 7 педагог
- 45-49 жас – 4 педагог
- 50-55 жас – 1 педагог
- 55 жастан жоғары – 2 педагог
- Зейнеткерлік жас – 0

2 педагогта жоғары оқу орнынан кейінгі педагогика ғылымдарының магистрі дәрежесі бар:

1. Альмагамбетова Сания Жолдангаровна – бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі мамандығы және білім беру бағдарламасы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі, бағыты ғылыми және педагогикалық.
2. Умурзакова Гулдана Кайратовна - бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі мамандығы және білім беру бағдарламасы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі, бағыты ғылыми және педагогикалық.


2. Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтер (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) туралы ақпарат

"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы негізінде мектеп басшысы, басшының орынбасарлары және педагогтары біліктілік санаттарын арттырудан өтуде.

Мектеп әкімшілігі

№	Аты - жөні	Лауазымы	Біліктілік санаты	Бұйрық нөмірі, берілген күні
1	Назарбекова Сауле Ануарбековна	Мектеп директоры	Үшінші санатты басшы	№245, 22.12.2021 ж.
2	Смаилова Саягуль Канатовна	Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары	Үшінші санатты басшының орынбасары	№245, 22.12.2021 ж.
3	Сергазы Жадыра	Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары	Үшінші санатты басшының орынбасары	№98 ж/қ 18.10.2024

Педагогтардың санаты туралы ақпарат



Педагог – зерттеуші және педагог – сарапшы санаты бар мұғалімдер үлесі – 48%

2024 – 2025 оқу жылының 1 жартыжылдығында аттестациядан өткен мұғалімдер:

№	Педагогтың аты - жөні	Беретін пәні	Аттестацияға дейінгі біліктілік санаты	Берілген біліктілік санаты	Бұйрық нөмірі, күні
1	Естай Айкумис	Биология	Санаты жоқ	Педагог - модератор	№67 03.09.2024
2	Кабдышева Айнур Канатовна	Тарих	Санаты жоқ	Педагог - модератор	№67 03.09.2024
3	Кункенова Гульмира Абайевна	Бастауыш сынып	Санаты жоқ	Педагог - модератор	№67 03.09.2024
4	Умурзакова Гульдана Кайратовна	Бастауыш сынып	Санаты жоқ	Педагог - модератор	№67 03.09.2024
5	Алеш Айгуль	Математика	Педагог - модератор	Педагог - сарапшы	№95 ж/қ 16.10.2024
6	Смаилова Саягуль Канатовна	Ағылшын тілі	Педагог - сарапшы	Педагог - сарапшы	№95 ж/қ 16.10.2024
7	Сергазы Жадыра	Қазақ тілі мен әдебиеті	Педагог - сарапшы	Педагог - сарапшы	№95 ж/қ 16.10.2024
8	Дуйсенбаева Лира	Химия және биология	Педагог - сарапшы	Педагог - сарапшы	№95 ж/қ 16.10.2024
9	Ажыхан Есенжан	География	Педагог - сарапшы	Педагог - сарапшы	№95 ж/қ 16.10.2024

10	Сайлаухан Батыржан	Дене шынықтыру	Педагог - сарапшы	Педагог - сарапшы	№95 ж/қ 16.10.2024
11	Хожабай Балжан	Дене шынықтыру	Педагог - сарапшы	Педагог - сарапшы	№95 ж/қ 16.10.2024
12	Байғабыл Тилеубек	Көркем еңбек	Педагог - модератор	Педагог - сарапшы	№95 ж/қ 16.10.2024
13	Табиғатқызы Толқын	Қазақ тілі мен әдебиеті	Педагог - модератор	Педагог - сарапшы	№95 ж/қ 16.10.2024
14	Дуйсенбаев Мухаметгали Темирбаевич	Бастауыш сынып	Педагог - зерттеуші	Педагог- зерттеуші	№79 21.10.2024

1. Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтер туралы ақпарат

Педагогтардың біліктілігін арттыру барысы үнемі басшылықтың бақылауында болады және біліктілікті арттыру курстарына қатысу үшін аудандық білім бөліміне сұраныс беріліп отырады. Қашанда ізденісте жүретін мұғалімдер әрдайым өздерінің біліктіліктерін арттырып отырады. 2021-2024 жылдар аралығында барлық мұғалімдер біліктілік арттыру курстарынан өтті. Жыл сайын педагогтардың біліктілігін арттыру бойынша перспективті жоспар құрылады.



Пәндік курстан өтпеген 3 мұғалім – жас маман

Мұғалімдердің кәсіби жетістіктері және марапаттары туралы ақпарат:

Мұғалімнің аты - жөні	Мадақтама	Нәтижесі
Дуйсенбаев Мухаметгали Темирбаевич	ҚР Оқу – ағарту министрлігінің құрмет грамотасы	-
Умурзакова Гульдана Кайратовна	«Алтын тұғыр» бастауыш сынып мұғалімдер олимпиадасы	Сертификат
Қайыржан Ұлжан Сағындықызы	«математикалық регата» аудандық сайы	Грамота
Хужин Азамат наилович	«Дарынды балаларға – талантты ұстаз» аудандық байқау	2 орын
Аскар Ергали	«Дарынды балаларға – талантты ұстаз» аудандық байқау	2 орын
Назарбекова Сауле Ануарбековна	Жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудегі зор үлесі үшін	Аудандық білім бөлімінен Алғыс хат
Серғазы Жадыра	Жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудегі зор үлесі үшін	Аудандық білім бөлімінен Алғыс хат
Смаилова Саягуль Канатовна	Жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудегі зор үлесі үшін	Аудандық білім бөлімінен Алғыс хат
Мухитова Наркыз Басаровна	Жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудегі зор үлесі үшін	Аудандық білім бөлімінен Алғыс хат
Хуат Армангуль	Жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудегі зор үлесі үшін	Аудандық білім бөлімінен Алғыс хат

Кадрлардың кәсіби құзырлығын арттыру жоспары:

1. Мұғалімдердің кәсіби проблемаларын анықтау мақсатында зерттеулер жүргізу;
2. Мұғалімдердің біліктілігін арттыру жұмыстарының тиімді түрлерін жоспарлау;
3. Мектеп деңгейінде мұғалімдерінің кәсіби байқаулары мен семинарларын өткізу;
4. Мұғалімдердің кәсіби қажеттіліктерінің мониторингі нәтижелері негізінде біліктілікті арттыру курстарына жіберу;

5. Мұғалімнің үздіксіз кәсіби дамуы үшін жағдай жасау;
6. Мұғалімнің өзін – өзі жетілдіру жұмысын бақылауға алу.

II. Білім алушылар контингенті

2024 – 2025 оқу жылындағы сыныптар және сынып – кешендер бойынша ақпарат:

Оқу тілі	Сыныптар және сынып - кешендер											жалпы
	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	
Қазақ тілі	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	11
Орыс тілі	0	1	1	1	0	1	1	1	1	0	0	7
Жалпы	1	2	2	2	1	2	2	2	2	1	1	18






Білім алушылар контингентінің қозғалысы туралы мәлімет


Сынып	2024-2025 оқу жылы басында	қыздар	Келді	қыздар	Кетті	қыздар	2024-2025 оқу жылы соңында	Қыздар
1 А	16	9			1	1	15	8
1 Б	0	0					0	0
2 А	16	7					16	7
2 Б	3	3					3	3
3 А	18	8					18	8
3 Б	4	2			1	1	3	1
4 А	20	9			1	1	19	8
4 Б	8	2					8	2
Бастауыш буын	85	40	0	0	3	3	82	37
5 А	28	13					28	13

5 Б	0	0					0	0
6 А	16	8	2	0			18	8
6 Б	5	3					5	3
7 А	18	14					18	14
7 Б	6	2					6	2
8 А	16	10					16	10
8 Б	6	3					6	3
9 А	18	13	2	0			20	13
9 Б	8	1					8	1
Орта буын	121	67	4	0	0	0	125	67
10 А	7	1					7	1
10 Б	0	0					0	0
11 А	7	2					7	2
11 Б	0	0					0	0
Жоғары буын	14	3	0	0	0	0	14	3
Жалпы мектеп	220	110	4	0	3	3	221	107

2020-2025 оқу жылдары аралығындағы білім сапасының қорытындысы



2023-2024 және 2024-2025 оқу жылдарының білім сапасының салыстырмалы көрсеткіші



Білім сапасының төмендеуінің себептері:

1. Оқушылар қозғалысы.

Білім сапасының төмендеуін шешу жолдары:

1. Үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты нығайту.

2. 2,3 сабақтан «3» бағасы бар оқушылармен қосымша жұмыстар жүргізу.


Жалпы орта білім беру деңгейі бойынша «Үздік аттестат» иегерлері туралы ақпарат

2021 - 2022 оқу жылы	2022 - 2023 оқу жылы	2023 - 2024 оқу жылы	2024 - 2025 оқу жылы
0	0	1	1

Негізгі орта білім беру деңгейі бойынша «Үздік аттестат» иегерлері туралы ақпарат

2021 - 2022 оқу жылы	2022 - 2023 оқу жылы	2023 - 2024 оқу жылы	2024 - 2025 оқу жылы
2	1	0	2

Түлектердің еңбекпен қамтылуы



Оқу- әдістемелік жұмыс қорытындысы

Мектептің негізгі миссиясы: Оқушылардың дамуын динамикалық бақылау арқылы білім сапасын арттыру, қабілеттерді одан әрі дамыту және жүзеге асыру үшін жағдай жасау, жеке ерекшеліктерін, шығармашылық қабілеттері мен қызығушылықтарын, білім беру мүмкіндіктерін және әр оқушының денсаулығы негізінде оқу-тәрбие процесін жетілдіру.

Мектептің 2024-2025 оқу жылында жұмыс істеген тақырыбы:

«Нәтижеге бағытталаған, құндылықтарға негізделген оқу-тәрбие үрдісінде педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуын жетілдіру арқылы білімді терең меңгерген, ұлттық сана сезімі жетілген, бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру»

Оқыту мен тәрбие берудің мақсаты: «Оқушылардың білім, білік, дағды көрсеткіштерінің сапасын арттыру және Қазақстандық патриоттыққа тәрбиелеу»

Міндеттер:

1. «Білім туралы» Заң мен «Білім берудің» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруға байланысты жұмысты жалғастыру;
2. Мемлекеттік «Рухани жаңғыру» жалпы ұлттық идеяларының негізіне шоғырланған мәдени сәйкестік және қазақстандық өзіндік сананы қалыптастыру бойынша жұмысты күшейту;
3. 1-11 сыныптарды жаңартылған мазмұнда оқумен қамтуды жүзеге асыру;
4. Білім беру жүйесін жаңғыртудың негізгі бағыттары бойынша педагогтің кәсіби құзыреттілігін арттыру жөніндегі жұмыстарды жандандыру: білім беру мазмұнын жаңарту, үштілді білім беру, инклюзивті білім беру, сондай-ақ педагогикалық білім беруді жаңғырту ;
5. Оқушылардың функционалдық құзіреттілігін қалыптастыру мақсатында оқытудың тиімді әдістері мен жаңа технологияларды қолданатын педагогтардың жұмыстарын тәжірибеге енгізу;
6. Жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін анықтау және дамыту, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы педагогтардың жақсы тәжірибелерін жүйелі жарыққа шығару, олардың жаңашыл жұмыстарын жариялау;
7. Оқу-тәрбие үрдісінде заманауи әдістер мен технологияларды енгізу жұмысын жандандыру, педагогтардың білім берудің жаңашыл технологияларын игеруіне жағдай жасау;
8. Жас мұғалімдердің білім-біліктілігін жетілдіру курстарынан, жаңа үлгідегі деңгейлі курстардан жүйелі түрде өткізуді, әдістемелік семинарларға қатысуларын басшылықты ұйымдастыру;
9. Курстан өту уақыты біткен мұғалімдерді жаңартылған мазмұнда оқыту бойынша перспективалық жоспарға сәйкес кесте бойынша білім жетілдіру курстарына жіберу;

10. Мектепшілік бақылау жұмыстарын сапалы жүргізу;
11. Оқу кабинеттерінің жүйелендірілуін жетілдіру.
12. Дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты жандандыру, жүйелеу;
13. Білім беру сапасын арттыру мақсатында оқушының білім деңгейінің мониторингін анықтау;
14. Тәрбие берудің барлық бағытын талапқа сай орындау;

2024 – 2025 оқу жылында білім беру үрдісін іске асыру кезінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын, «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» заңдарды және басқа да заңнама актілерін басшылыққа ала отырып оқу – жұмыс жоспары құрылды. 2024-2025 оқу жылында республиканың жалпы білім беретін мектептерінде бастауыш білім беруді ұйымдастыру «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы негізінде жүзеге асырылуда. Оқу процесін ұйымдастыру кезінде басшылыққа алынатын құжаттар:

- ✓ «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы (өзгерістермен 2024 жылғы 8 ақпандағы № 27 бұйрығы) **(1-4 сыныптар үшін)**
- ✓ «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы) (өзгерістермен 2023 жылғы 26 қазандағы № 323 бұйрығы); **(5-11 сыныптар үшін)**
- ✓ «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы (21.11.2022 ж. № 467, 05.07.2023 ж. № 199 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)
- ✓ «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» ҚР БҒМ 18.03.2008 ж. № 125 бұйрығы (ҚР Оқу-ағарту министрінің 13.04.2023 ж. №96 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)
- ✓ «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 22.05

2020 ж № 216 бұйрығы (ҚР Оқу-ағарту министрі м.а. 22.05.2023 ж. №140 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен, жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.07.2023 ж. № 194 бұйрығымен)

- ✓ Оқу процесін ұйымдастыруда «2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу – тәрбие процесін ұйымдастыру ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты пайдаланылды.

2024-2025 оқу жылындағы білім беру үрдісін ұйымдастырудың ерекшеліктері:

- Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда – 33 оқу аптасын, 2-11 (12)- сыныптарда – 34 оқу аптасын құрайды.
- 1-3-сыныптарда «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» пәндерін бөліп оқыту жалғасады, 4-сыныптарда – «Көркем еңбек» кіріктірілген пән ретінде оқытылады.
- 3 сыныпта «Жаратылыстану» пәні 1 сағаттық оқуға ауыстырылды, 4 сыныптарда 2 сағатпен оқыту жалғастырылады.
- Тілдерді кезең-кезеңмен оқыту шеңберінде 3-сыныпта «Шетел тілі» пәнін оқыту енгізілді.
- «Цифрлық сауаттылық» 1 сыныпта - 0,5 сағат, II жартыжылдықтан бастап оқытылады.
- Білім беру ұйымдарында технология бойынша сыныптың толымдылығына қарамастан ұлдар мен қыздарға сыныпты екі топқа бөлуге болады.

Барлық 5-11 сыныптар сыныптың толымдылығына қарамастан көркем еңбек пәнінде ұлдар мен қыздарға бөлінеді.

- ✓ Сыныпты екі топқа бөлу жалпы білім беретін ұйымдарда сыныптардағы білім алушылар саны 20 және одан артық болғанда:

Бастауыш сыныптарда:

- 1) шетел тілі (ағылшын тілі);
- 2) цифрлық сауаттылық (1 сыныптан басқа) бойынша жүзеге асырылады.

Мектебімізде бастауыш сыныпта 4А сыныбы – 20 оқушы шетел тілі (ағылшын тілі) және цифрлық сауаттылық пәндері бойынша топтарға бөлініп оқытылады.

5-11 сыныптарда:

- 1) шетел тілі (ағылшын тілі);
- 2) көркем еңбек;
- 3) информатика пәні бойынша жүзеге асырылады.

Мектебімізде аталған пәндер бойынша 5 А сыныбы – 28 оқушымен топтарға бөлінеді.

Мемлекеттік білім беру стандарттарын орындауға, білім сапасын арттыруға бағытталған оқу процесін ұйымдастыру

Білім бері сапасын бақылау және әдістемелік көмек көрсету мақсатында мұғалімдердің сабақтарына қатысу жоспары құрылды. Бекітілген жоспар бойынша жыл бойы сабақтарға қатысу жүргізілді. 2024-2025 оқу жылында 1-11 сыныптарда пәндерді оқыту сапасын бақылау мақсатында сабаққа қатысу, әкімшілік бақылау жұмыстарын алу, мектепшілік семинарлар ұйымдастыру, озат тәжірибені тарату жұмыстарын ұйымдастыруды бақылау жүрді. Пәндерді оқытудың жай-күйін бақылау үшін сабаққа қатысу жоспары жыл басында бекітілген болатын. Әр сабаққа қатысу бойынша қатысу парағы толтырылады және сабақтан соң әр мұғалімге ұсыныстар беріледі. Сапалы білім беруді ұйымдастыруда пәндер онкүндігінің, мектепшілік семинарлардың ұйымдастырылуы бақыланды. Әр семинар мен онкүндіктерде ашық сабақтар, түрлі сайыстар өткізілді. Барлық іс-шаралар бойынша қорытындылар мектептің әлеуметтік желілерінде жарияланды. Оқушыға сапалы білім беруді ұйымдастырудың бірден – бір жолы жас мамандардың тәлімгермен жұмысын ұйымдастыру. Тәлімгерлер жас мамандармен іс-тәжірибемен бөлісу жұмыстарын жүргізді. Оның ішінде дөңгелек үстелдер ұйымдастыруда әдістемелік кеңес жүргізу болды.

Қатысқан сабақтар көрсетті:

- оқушылар оқу материалын меңгереді;
- Мұғалімдер оқытудың мақсатымен қатар, адамның әлеуметтік маңызды қасиеттерін (психикалық, эмоционалды-сенсорлық, мінез-құлық, коммуникативті, физикалық, шығармашылық) дамыту құралына айналады. Бұл мақсатқа педагогикалық технологияларды қолдану және оқу міндеттерін таңдау арқылы қол жеткізіледі;
- мұғалімдер сабақта оқушылардың жеке қасиеттерін (ойлау, сөйлеу, ерік-жігер, адамгершілік, қарым-қатынас, т.б.) дамыту мақсатын қойып, мектеп пәні арқылы жүзеге асырады;
- әртүрлі деңгейде үй тапсырмасын береді, бастамашылдық пен дербестікті ынталандырады, жеке оқу жетістіктерін көтермелейді, интуицияны, шығармашылық қиялды дамытатын тапсырмалар ұсынады. Оқушылар белсенді, ұйымшыл, мұғалімдер балалар ұжымын басқарады.

Қатысқан сабақтарды талдау бірқатар проблемаларды анықтады :

- сабақта заманауи білім беру технологияларының жеткіліксіз пайдаланылуы (проблемалық оқыту, көп деңгейлі оқыту, зерттеу және жобалық әдістер, тірек жазбалар әдісі және т.б.)
- сабақтың мақсаттары мен міндеттерінің анық қойылмауы;
- сабақта оқу және көрнекі құралдарды пайдалану деңгейінің төмендігі.




Пәндік бақылау жүргізу бойынша және сыныптардың білім сапасын мониторингілеу мақсатында әкімшілік бақылаулар өткізілді. 4,8,9,11 сыныптарда және тоқсан бойынша төмен пайыз көрсеткен пәндер бойынша сыныптарда әкімшілік бақылау жұмыстары жүргізілді. Бастауыш және 5,6 сынып оқушыларының оқу жылдамдығы бақыланды.

Мектепшілік семинарлар мен онкүндіктер

Мақсаты: жаңа технологияларды оқу үрдісінде қолдануды ұйымдастыру арқылы тәжірибе алмасу.

Қараша айында іс – тәжірибемен бөлісу мақсатында «Білім алушылардың тәжірибелік зерттеу дағдыларының қалыптасуы мен дамуының жолдары» тақырыбында мектепшілік семинар өтті. Семинарға жас мамандар мен басқа да пән мұғалімдері атысты.



28 ақпан 2025 жылы мектебімізде «Тұлғаны қалыптастырудағы - оқыту мен оқудың тиімді әдіс – тәсілдері» тақырыбында жас мамандарға арналған аудандық оқыту семинары өтті. Семинарға 15 мектептен 42 мұғалім қатысты. Семинар барысында мектебіміздің мұғалімдері ашық сабақтар, шеберлік сыныптар және сыныптан тыс жұмыстар өткізді. Ашық сабақтар мен шеберлік сыныптарда мұғалімдер сабақтарда қолдануына болатын әдіс – тәсілдермен бөлісті. Сондай – ақ оқушылармен «Зерде» және ғылыми жобалар жұмыстарын жүргізу, вариативтік сабақтарды таңдау және өткізу бойынша шеберлік сыныптар өткізді. Сынып сағаттарын және сыныптан тыс үйірмелер мен клубтардың жұмыстарын жүргізу барысына тоқталды. «Алғыс айту» мерекесі қарсаңында ұстаздарға арналған шағын концерт ұйымдастырылды. Семинар қорытындысында іс – тәжірибемен бөліскен ұстаздарға арнайы сертификат табысталды.





Наурыз айында «Бастауыш және орта мектеп арасындағы сабақтастық» тақырыбында отырыс өтті.



Тәжірибе жинақтау және өзі білімін көтеру мақсатында «Сабақты зерттеу: Қазақстандық мектептердің тәжірибесі» тақырыбында өткен облыстық семинарға 3 мұғалім қатысты.
2024-2025 оқу жылындағы пән онкүндіктері бойынша ақпарат:

№	Пән онкүндігі	Өткізілген іс- шаралар	Мұғалімдер саны	Тартылған оқушылар саны
1	Тілдер онкүндігі	Ашық сабақтар, сыныптан тыс іс-шаралар, конференция	31	220
2	Математика, физика, информатика пәндерінің онкүндігі	Ашық сабақтар, сыныптан тыс іс-шаралар	7	142
3	Химия, биология және география пәндерінің онкүндігі	Ашық сабақтар, сыныптан тыс іс-шаралар	9	144
4	Тарих пәндерінің онкүндігі	Ашық сабақтар, сыныптан тыс іс-шаралар, сайыстар мен байқаулар	31	220
5	Дене шынықтыру, көркем еңбек және музыка пәндерінің апталығы	Ашық сабақтар, сыныптан тыс іс-шаралар	6	143
6	Жас мамандар апталығы	Ашық сабақтар, сыныптан тыс іс-шаралар	8	104
7	Бастауыш сыныптар онкүндігі	Ашық сабақтар, сыныптан тыс іс-шаралар	13	82


«Жас ұстаз» жас мұғалімдер мектебі

2024 – 2025 оқу жылының басында Олжабай батыр ауылының жалпы орта білім беретін мектебінде 5 жылға дейінгі еңбек өтілі бар 1 жас маман болды.. Мектеп директорының 2024 жылдың 27 тамызындағы №81 бұйрығы негізінде жас мамандарға тәлімгер бекітілді. Тәлімгерлік және жас маманға көмек көрсету бойынша жылдық жоспар бекітілді.

Оқу жылының басында жас мамандармен жұмыс жоспары құрылып бекітілді. Бекітілген жоспар негізінде жыл бойы іс – шаралар ұйымдастырылып өткізілді. Тәлімгер жас маманға оқу жылының басынан бастап күнтізбелік, тәрбие және

күнделікті жоспар құруға көмек көрсетті. Үнемі жас мамандардың сабақтарына қатысып, өткізілген сабақ бойынша ескертулер мен ұсыныс жасалды.

Жыл сайын жас мамандармен семинарлар, тренингтер, дөңгелек үстелдер және отырыстар өткізіледі. Жыл сайын дәртүрлі түрде жас мамандар онкүндігі және «Үздік жас маман» байқауы өтеді. Онкүндік барысында жас мамандар ашық сабақтар өткізіп, түрлі сайыстарға қатысады.



Жас мамандардың сайыстарға қатысу нәтижесі:

№	Қатысушы	Сайыс атауы
1	Қайыржан Ұлжан Сағындыққызы	«Математикалық регата» аудандық байқау

Қазан айында «Қалыптастырушы бағалауды қалай тиімді ұйымдастыруға болады?» тақырыбында коучинг өтті.



Мектепшілік «Үздік АКТ қолданушы» сайысы өтті. Сайысқа математика пәні мұғалімі Қайыржан Ұлжан Сағындыққызы қатысты. Сайыс барысында әр мұғалім сабақта АКТ-ны тиімді қолдану жолдарын көрсете білді. Қорытындысы бойынша Қайыржан Ұлжан Сағындыққызы 3 орынға ие болды.

Қазан айында іс – тәжірибемен бөлісу мақсатында «Функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға арналған тапсырмалар арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен танымдық қызығушылықтарын дамыту жолдары» тақырыбында оқыту семинары өтті. Семинарға жас мамандар мен басқа да пән мұғалімдері атысты. Семинар барысында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі С.А.Назарбекова және ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Мухитова Н.Б. өзінің іс – тәжірибесімен бөлісті, оның ішінде өзі сабақта қолданатын әдіс – тәсілдерді көрсетті.



Қаңтар айында «Оқыту үрдісінде ақпараттық технологияларды қолданудың тиімділігі» тақырыбында мектепшілік оқыту семинары өтті.



Жас мамандардың сабақтарына үнемі қатысып, өткізілген сабақ бойынша ескертулер мен ұсыныс жасалуда. Сәуір айында мектепшілік ашық есік күні өткізіліп ата – аналар барлық жас мамандардың сабақтарына қатысты. Мектептің жас мұғалімдерінің педагогикалық және әдістемелік шеберлектерін дамытуға жағдай жасау басты мақсаттың бірі болып табылады. Жас мамандардың кәсіптік білімін шындау жұмысы ғылыми әдістемелік семинарлар, оқыту

семинарлары, практикалық оқытулар, пәндік апталықтар, әдістемелік күндер, әдістемелік және педагогикалық кеңестер, кәсіби сайыстар мен байқауларға қатысу арқылы жүргізіледі.

Сәуір айында жас мамандар апталығы өткізілді. Апталық барысында мектепшілік сайыстар мен ашық сабақтар өткізілді.



2024-2025 оқу жылында жас мамандар жұмыс барысында өздерінің жауапкершілігі мен шығармашылықтарын көрсете білді. Сабақтарында білім алушының дамуын, оның қызығушылығын және оқуға деген ынтасын арттыруға бағыттады. Әр оқушының сыни ойлануына жағдай жасай білді.

Мектептің жас мұғалімдерінің педагогикалық және әдістемелік шеберлектерін дамытуға жағдай жасау басты мақсаттың бірі болып табылады. Жас мамандардың кәсіптік білімін шындау жұмысы ғылыми әдістемелік семинарлар, оқыту семинарлары, практикалық оқытулар, пәндік апталықтар, әдістемелік күндер, әдістемелік және педагогикалық кеңестер, кәсіби сайыстар мен байқауларға қатысу арқылы жүргізіледі.

Дарынды оқушылармен жұмыс

Дарынды оқушылармен жұмыстың негізгі мақсаты – республикалық және халықаралық деңгейлердегі интеллектуалдық олимпиадалар мен жарыстарға дарынды оқушыларды дайындау. Міндеттері:

- мектеп оқушыларының шығармашылық қаблетін дамыту және олардың зерттеушілік бейімін жетілдіру;
- оқушылардың шығармашылық ізденісі мен зерттеулерді орындау үдерісінде талдау және сыни ойлауды қалыптастыру;

- оқушыларды қойған мақсатқа қол жеткізуге, болашақтағы және осы еңбек жолындағы, оқу кезіндегі жүйелілікке тәрбиелеу;

- дарынды жасөспірімдерді іздестіріп, олардың шығармашылық мүмкіндіктерін жүзеге асыруын қамтамасыз ету.

Күтілетін нәтиже:

- Оқушылардың шығармашылық-даралық қасиеттерін тану;

- Нәтижелі жеңістерге қол жеткізу

2024- 2025 оқу жылының басында дарынды оқушылармен жұмыс бойынша жылдық жоспар құрылып бекітілді. Жоспар негізінде оқу жылының ішінде дарынды оқушыларды қолдау және дамыту мақсатымен түрлі іс-шаралар ұйымдастырылып өткізіледі. Әр мұғалім пән бойынша дарынды оқушылар тізімін жинақтады және мектептік банк құрылды. Пән мұғалімдері барлық оқушылардың мүмкіндіктерін дамыту үшін жағдай жасады. Дарынды оқушылармен сабақта, сабақтан тыс уақытта түрлі жұмыстар ұйымдастырылды. Оның ішінде келесі іс-шаралар өткізілді.

Қыркүйек айында 3—6 сынып оқушылары «Алтын сақа» математикалық олимпиадасының мектепшілік кезеңіне қатысты.

Дарынды оқушылармен жұмыстағы маңызды іс – шара ол - олимпиада. Олимпиаданы ұйымдастыру бірнеше кезеңдерден тұрады. Олар: мектепшілік, аудандық, облыстық және республикалық. Мектеп оқушылары мектеп пәндерінің олимпиадасына белсенді атсалысты. Жеңімпаздар мектеп оқушыларының аудандық олимпиадасына қатысты. 2024 жылдың 14-18 қазан аралығында 5-8 сыныптар, 4-13 қараша аралығында 9-11 сыныптар арасында мектепшілік олимпиада өткізілді. Олимпиада қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті, математика, биология, тарих, информатика, ағылшын тілі, химия, география, физика пәндерінен өткізілді. Пәндік олимпиада ережеге сай өткізілді. Комиссия мүшелері жұмыстарды уақытылы тексеріп тапсырды. Барлық пәндер бойынша қорытынды шығарылып хаттамаға енгізілді. Мектепшілік олимпиада қорытындысы бойынша жеңімпаздар мадақтамамен марапатталды.



Аудандық олимпиадаға 5-11 сыныптар арасынан 9 оқушы жіберілді.

Сәуір айында бастауыш сынып оқушылары арасында мектепшілік олимпиада өтті. Олимпиада қазақ тілі, орыс тілі, математика пәндерінен өткізілді.



Сәуірде 5,6 сынып оқушылары «Мың бала» олимпиадасына қатысты. 6 Б сыныбының оқушысы Цыбульник Анастасия осы олимпиаданың 2 кезеңіне өтті.

Сайыстарға қатысу бойынша ақпарат:

Аудандық деңгей:

№	Қатысушы	Сайыс атауы, номинация	Қорытынды
1	Мауленбекқызы Ұлжан	Аудандық пәндік олимпиада	3 орын
2	Валтер Ильдар	Аудандық пәндік олимпиада	1 орын
3	Бейсенова Самира	Аудандық пәндік олимпиада	2 орын
4	Алтынбекұлы Ербұлан	Аудандық пәндік олимпиада	3 орын
5	Алтынбекұлы Ербұлан	Аудандық пәндік олимпиада	1 орын
6	Дүйсенбекұлы Әли	Аудандық пәндік олимпиада	Грамота
7	Салтанатұлы Қанат	Аудандық пәндік олимпиада	Грамота
8	Қариба Діндар	Аудандық пәндік олимпиада	3 орын
9	Белан Эдуард	Аудандық пәндік олимпиада	2 орын

10	Темірбай Диана	Аудандық пәндік олимпиада	3 орын
11	Сламбек Дильназ	Жарқын болашақ аудандық байқау	2 орын
12	Тилеубек Дина	Менің шағын отаным	2 орын
13	Жантуарова Дария	Аудандық «Ақберен» байқауы	1 орын
14	Алтайқызы Мәуе	Аудандық «Ақберен» байқауы	3 орын
15	Тұрғын Ақбота	Аудандық «Ақберен» байқауы	3 орын
16	Алпыс Ілесбек	Аудандық «М.Мақатаев оқулары» байқауы	2 орын
17	Алпыс Ілесбек	Аудандық «Абай оқулары» байқауы	1 орын
18	Оразова Аяулым	Аудандық «Абай оқулары» байқауы	2 орын
19	Алтайқызы Мауе	Қ.Бітібаева олимпиадасы	2 орын
20	Сайлаухан Олжас	Қ.Бітібаева олимпиадасы	3 орын
21	Жантуарова Дария	Аудандық «Машһұр Жүсіп оқулары» байқауы	1 орын
22	Алпыс Ілесбек	Аудандық «Машһұр Жүсіп оқулары» байқауы	2 орын
23	Бейсенова Самира	Аудандық «Машһұр Жүсіп оқулары» байқауы	2 орын
24	Тилеубек Дина	Аудандық «Машһұр Жүсіп оқулары» байқауы	2 орын
25	Алтынбекұлы Ербұлан	"Алтын сақа" аудандық байқауы	2 орын
26	Мауленбекқызы Ұлжан	"Зерде" байқауы	1 орын
27	Семейқызы Назым	"Зерде" байқауы	2 орын
28	Ұшқын Мөлдір	Ғылыми жобалар байқауы	1 орын

29	Тилеубек Дина	«Махамбет оқулары»	1 орын
----	---------------	--------------------	--------

Облыстық деңгей:

№	Қатысушы	Сайыс атауы, номинация	Қорытынды
1	Жантуарова Дария	Аудандық «Ақберен» байқауы	сертификат
2	Алпыс Ілесбек	Аудандық «Абай оқулары» байқауы	3 орын
3	Тилеубек Дина	"Махамбет оқулары"	3 орын
4	Жантуарова Дария	"Үздік экскурсия жетекшісі"	3 орын
5	Алтынбекұлы Ербұлан	5,6 сыныптар олимпиадасы	3 орын
6	Цыбульник Анастасия	«Мың бала»	1 орын

Жұмыстың қорытындысы:

- Дарынды балаларды мектепшілік, қалалық, облыстық, республикалық іс-шараларға қатыстырып, қабілеттерін дәлелдеу.
- Әр дарынды баланың ынтасын, дарындылығын қамти отырып, шығармашылық жұмыстарын таратуға жұмыстары жүргізілді;
- Мектепшілік және аудандық пәндік олимпиадаларға, конкурс-сайыстарға, ғылыми-практикалық конференцияларға қатыстыру жүргізілді.

ҰБТ дайындық барысы

2024 – 2025 оқу жылында мектебімізде 11 сыныпта 7 оқушы бар. Оның барлығы қазақ сыныбында оқиды. Мектеп түлектері арасында «Алтын белгі» белгісіне оқитын оқушы -0, «үздік» аттестатқа үміткер – 1 оқушы. Оқу жылының басында ҰБТ дайындық бойынша мектепшілік жоспар құрылды. Осы жоспар негізінде мектеп ішінде байқау сынақтары өткізіліп тұрды. ҰБТ дайындық жоспар бойынша өтуде. ҰБТ ережелері бойынша оқушылар мен ата – аналарға түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Бекітілген кесте бойынша дайындық сабақтары түстен кейін өткізіледі. Жоспар бойынша 11 сыныптың сабақтарына қатысу жүргізіледі. Қаңтар айында 7 оқушы, наурыз айында өтетін ақылы ҰБТ 2 оқушы тіркелді, бұл барлық оқушының 28%. Қорытындысы:

№	Аты - жөні	Қазақстан тарихы	Оқу сауаттылығы	Математикалық сауаттылық	1 таңдау пәні		2 таңдау пәні		Барлығы
1	Ақтай Аружан	13	6	-	Шығармашылық				19
2	Балтабай Дастан	12	7	5	математика	20	информатика	33	77
3	Джанатов Жасулан	11	5	1	биология	16	география	22	55
4	Еркінбек Ақжол	11	9	4	биология	22	география	15	61
5	Жантуар Бекзат	5	3	2	Математика	12	физика	9	31
6	Мейрамұлы Ернұр	9	3	1	Математика	10	физика	9	32
7	Хожабай Жансая	20	8	7	математика	41	физика	29	105
Орташа балл		11,5	5,8	3,3	математика	20,7	информатика	33	60 54 (шығар. қоса алғанда)
					Биология	19	География	18,5	
							Физика	15,6	

1.4 2024-2025 оқу жылында атқарылған тәрбие жұмысының қорытындысы

2024-2025 оқу жылында Олжабай батыр ауылының ЖОББМ бойынша Біртұтас тәрбие жұмысының негізіне облыстық және аудандық деңгейдегі жоспарды негізге ала отырып, іс-шара өткізіледі. Аталған іс - шаралардың мақсаты-Рухани-адамгершілік қасиеттерді, азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді, парасаттылық пен адалдықты дамыту арқылы қазақстандық мәдениеттің құндылықтары негізінде білім алушының үйлесімді дамыған тұлғасын қалыптастыру. Біртұтас тәрбие бағдарламасы 6 құндылықтары мен жобалар негізінде іс-шаралар ұйымдастырылды.

Бағдарлама аясында келесі іс-шаралар өткізілді: «Олжабай батыр ауылының ЖОББМ» КММ 2024-2025 оқу жылындағы мектептің тәрбие жұмысы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының негізгі ережелеріне сәйкес ұйымдастырылып, жүзеге асырылды. Жаңартылған жоспарға сәйкес, барлық педагогтар ұлттық құндылықты оқушылар бойына сіңіре отырып, бағдарлама құндылықтарын сабақ мазмұнына үйлесімді енгізуге ұмтылды (пәнаралық және пәнішілік байланыстарды қамтамасыз ету, сәйкес мәтіндер, тапсырмалар мен есептерді таңдау арқылы). Осы кезеңде мектептің патриоттық тәрбиесіне қатысты іс-шараларға ерекше назар аударылды. Өткен оқу жылының соңында қойылған міндеттерді кешенді шешу үшін тәрбие жұмысының жоспарына өзгерістер енгізілді: мақсаттар, міндеттер мен құндылықтар қайта қарастырылды, балалармен жұмыс істеудің тиімді формалары таңдалды, әлеуметтік және медиа жобалар түзетілді. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасына кіретін жобалар бойынша жоспарлар құрылды. Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының (АПҚО) жұмысы үйлестірілді.

Оқушылардың құндылықтарын дамыту мектептің оқу-тәрбие процесінде жүйелі түрде жүзеге асырылды. Оқушылардың белсенділігі мен қатысу деңгейін арттыру мақсатында түрлі тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастырылды: рейдтік кезекшіліктер, мүдделі мемлекеттік органдармен кездесулер, әртүрлі ұлттық ойындар, интеллектуалдық сайыстар өткізілді, флешмобтарда, челленджер мен онлайн бейне-байқауларға қатысу қамтамасыз етілді, дебат клубының белсенді жұмысы жүргізілді. Өз кезегінде мектептің педагогикалық ұжымы арасында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының 6 құндылығын насихаттау және тиімді қолдану мақсатында сынып жетекшілерімен семинарлар, әдістемелік бірлестік отырыстары, түсіндіру жұмыстары өткізілді.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы ұсыныстарына сәйкес тәрбие процесін жоспарлау ай сайынғы тақырыптық бағыттар бойынша жүзеге асырылды:

Қыркүйек – еңбекқорлық пен кәсібилік айы;

Қазан – тәуелсіздік пен отаншылдық айы;

Қараша – әділдік пен жауапкершілік айы;

Желтоқсан – бірлік пен ынтымақтастық айы.

Қаңтар- заң және тәртіп айы

Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық

Наурыз- тәуелсіздік және отаншылдық айы

Сәуір-еңбекқорлық және кәсіби біліктілік

Мамыр-бірлік және ынтымақ

Оқу-тәрбие процесінде оқушылардың құндылықтарын қалыптастыру бойынша кешенді жұмыс күнделікті және апталық іс-шараларды қамтыды.

Күнделікті:

«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» (үзілістер кезінде ұлттық ойындар);

«Өнегелі 15 минут» (ата-аналармен өзекті моральдық тақырыптар бойынша әңгімелер);

«Үнемді тұтыну» (табиғатқа ұқыпты қарау бойынша түрлі ескертпелер);

«Күй күмбірі» (қоңырау кезінде күйлердің орындалуы).

Апталық:

«Менің Қазақстаным» (ҚР Әнұранын орындау);

«Аптаның дәйексөзі» (мақал-мәтелдер, халық даналығы, ұлы тұлғалардың нақыл сөздері);

«Қауіпсіздік сабағы» (сынып сағаты аясында оқушылардың жеке қауіпсіздігі туралы 10 минуттық ақпарат).

КҮНДЕЛІКТІ ІС-ШАРАЛАРДЫ ТАЛДАУ

«Күй күмбірі»

Сипаттама: Қоңыраулардың орнына күйлерді пайдалану, сондай-ақ үлкен өзгерістер кезінде күйлердің дыбысы.

Мақсаты: Білім алушылардың рухани мәдениетін, эстетикалық, патриоттық рухын арттыру, елдің мәдени мұрасын сақтау.

Күн сайын дәстүрлі қоңыраудың орнына, орталық дыбыстық құрылғының көмегімен оқушылар домбыраның туған дыбысын ұнатады, бұл олардың психикасына пайдалы әсер етеді. Сабақ соңында шертпе күй, үзіліс аяқталғаннан кейін токпе күй ойнатылды. Сонымен қатар үлкен үзіліс уақытында күнделікті әр- түрлі күйлер қосылып отырды.

«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»

Сипаттама Ойын түріндегі өзгерістер кезінде білім алушылардың бос уақытын ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бестас және т. б.

Мақсаты Оқушылардың бос уақытын танымдық және қызықты ұйымдастыру.

Өзгерістер кезінде күн сайын дене шынықтыру мұғалімі Д.Б. басшылығымен және сынып жетекшілерінің бастамасымен ұлттық ойындар өткізіледі («Тоғысқұмалақ», «Арқан тарту», «Асық ату», «Теңгеалу», «Аударыспақ», «Ақсерек пен Көксерек»).

«Өнегелі 15 минут»

Сипаттама Ата-аналардың баласымен күнделікті 15 минут ішінде өзекті моральдық тақырыптардың біріне жеке әңгімелесу өткізуі.

Мақсаты Ересектердің балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру;

Ашықтық пен қолдау атмосферасын құру арқылы бала мен ата-ана арасындағы сенімді нығайту;

Бірінші жартыжылдықта оқушылардың ата-аналары күн сайын өзекті тақырыптар бойынша 15 минуттық әңгімелер өткізеді: Денсаулық, баланың үй режимі, тәрбие, даму және оның жетістіктері, мінез-құлық пен адамгершілік.

«Үнемді тұтыну»

Сипаттама Табиғатқа ұқыпты қарауды қалыптастыру күнделікті іс-шаралар арқылы ресурстарға (су, энергия)

Мақсаты Оқушыларды күнделікті су, азық-түлік және энергия тұтыну тұрғысынан табиғи ресурстарға ұқыпты қарауға үйрету

Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары мен сынып жетекшілерімен бірлесіп ІІ-тоқсан бойы түрлі нұсқаулықтарды, флайерлер мен жадынамаларды пайдалана отырып, білім алушылармен түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

АПТАЛЫҚ ІС-ШАРАЛАРДЫ ТАЛДАУ

«Менің Қазақстаным»

Сипаттама: Аптаның басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының әнұранын орындайды.

Мақсаты: Оқушылардың мемлекеттік рәміздерге деген терең құрмет сезімін тәрбиелеу, оқушылардың өз елі үшін мақтаныш сезімін, белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыру және дамыту.

Мектептің білім алушылары әр дүйсенбіде жалпы мектептік жұмыс желісінде Мемлекеттік Әнұран орындалады. Сондай-ақ, мемлекеттік мерекелер мен атаулы күндерге арналған барлық жалпы мектептік іс-шаралар басталады

"Аптаның дәйексөздері"

Сипаттама: Мақал-мәтелдер, мақал-мәтелдер, халық даналығы, көрнекті тұлғалардың сөздері.

Мақсаты: Оқушылардың мемлекеттік рәміздерге деген терең құрмет сезімін тәрбиелеу, оқушылардың өз елі үшін мақтаныш сезімін, белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыру және дамыту.

"Қауіпсіздік сабақтары"

Сипаттама: Сәйкестік туралы сынып сағаты аясында 10 минут оқушылардың жеке қауіпсіздігі, Қауіпсіз мінез-құлқы және т. б.

Мақсаты: Күнделікті өмірде қауіпсіздікті қамтамасыз ететін дағдыларды үйрету және жеке қорғанысқа саналы, жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру.

Сынып жетекшілері апта сайын 10 минуттық сынып сағатын "қауіпсіздік сабағына" арнайды, онда олар жеке жоспарға сәйкес маңызды ақпаратты қысқаша және тиімді жеткізуге тырысады.

Мектепішілік "Абай клубы" жұмысын жалғастырып, мүшелерінің қатысуымен шығармашылық жобалар, байқаулар, іс-шаралар өткізілді. Клубтың мақсаты-балалар қоғамдық ұйымдары мен бірлестіктері арасында балалар мен Жастар бастамаларын дамытуға жәрдемдесу. Аудандық сайыстардан жүлделі орындарға ие болды.

«Адал ұрпақ» клубы өз жұмысының аясында сайыстарға қатысып 2 орындарға ие болды.

2024-2025 оқу жылында есепке тұрған оқушылар болмады.

